

М. Е. Уалиев, жалпы білім беретін пәндер кафедрасының аға оқытушысы, заң ғылымдарының магистрі, полиция майоры;

*Қ. О. Оспанов, сырттай оқыту факультетінің аға оқытушы-әдіскері
(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)*

1916 жылғы көтерілістің басталу себептері

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің басталу себептері жөнінде қарастырылады.

Түйін сөздер: ұлт-азаттық, империя, сарбаз, күрес, феодал.

2016 жыл — маңызды мерейтойларға толы жыл болды. Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы, осы Тәуелсіздікке, азаттыққа қол жеткізген 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінің 30 жылдығы, 1916 жылғы қазақ халқының азаттық күресіне 100 жыл толған болатын.

Бостандық сүйгіш қазақ халқы Тәуелсіздік үшін ылғи да сыртқы жаумен аянбай күресіп келеді. Жоңғарлармен жан алысып, жан беріскен соғыстан әбден әлсірегенде қазақ жерін Ресей отарлап алды. Бірақ халқымыз онда да басын иіп, мәңгілік құл болуды ойлаған жоқ. Патшалық Ресей кезінде ірілі-ұсақты 300-дей ұлт-азаттық күресін бастан кешірді. Солардың ірілерінің бірі — 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі болды.

1914 жылдан басталған және оған патшалық Ресей де қатысқан бірінші дүниежүзілік соғыс оның халықтарына аса ауыр-қасіреттер әкелді: әлеуметтік және ұлттық езгі күшейді, империяның шет аймақтарында патша шенеуніктерінің басынушылығы мен зорлық-зомбылығы өлшеусіз артты. Қазақстанда бірінші кезекте Сырдария облысының солтүстік-шығыс аудандарында, Жетісу облысының оңтүстігінде және басқа бірқатар облыстарда қазақтардың жерлерін жаппай тартып алу жалғасып жатты. Тек Жетісу облысының бір өзінен ғана соғыстың алғашқы үш жылы ішінде 1800 десятина ең таңдаулы жайылымдық және егістік жерлер тартып алынды, ал осы жерлердің шын қожалары — қазақтар шаруашылық жүргізуге жарамдылығы аз мүлде жарамсыз шөл және шөлейт аудандарға күштеп көшіріліп жіберілді. Қазақтардан тартып алынған жерлер патша офицерлеріне, шенеуніктерге, дін басыларына, казак әскерлері мен Ресейден және Украиндан қоныс аударған шаруаларға үлестірілді. 1916 жылдың ортасына таман қазақ халқынан тартып алынған жерлердің көлемі 45 млн. десятинаға жетті. Соғыс шикізатты, азық-түлік, малдың және басқа материалдық байлықтардың орасан зор мөлшерін жұтып жатты. Осыған байланысты қазақ халқының иығына жаңа ауыртпалықтар түсті: міндетті түрде ет тапсырылды, мемлекет керегіне мал жаппай еріксіз алынды, әрбір үйден жаңа соғыс салығын алу енгізілді, земстволық салымдар және болыс басқарушыларын бағып-қағуға арналған бай-болыстық алымдар, сондай-ақ жол үшін төленетін және басқа салықтар мөлшері артты. Жергілікті халыққа салынатын салықтар соғыстың басталуымен байланысты 3-4 есе, ал жекеленген жағдайларда — 15 есеге дейін өсті [1].

Қазақ даласынан ет, мыңдаған жылқы мен түйе майданға жіберілді. Соғысты сылтау етіп, жұмысқа «ерікті түрде» шаруаларды пайдаланды.

Көтеріліске желеу болған негізгі себепші фактор: 1916 жылғы 25 маусымдағы патша үкіметінің «Түркістан мен Дала өлкесінен 19-43 жас аралығындағы 500 мың адамды қара жұмысқа алу» жарлығының шығуы.

Қазақтардың тууы туралы куәлігінің жоғын пайдаланып, болыстық басқармалар мен ауыл старшындары жастарының асқандығына қарамастан кедей жігіттерді майданға жұмысқа алынатын «қара тізімге» қосты, ал феодалдар балаларының жасын өз бетінше үлкейтіп, немесе кішірейтіп көрсетіп, әскерге жібермеудің амалын жасап бақты. Мәселен, 60 жастағы кедей шалдары 30 жаста болып, 25-30 жастағы бай балалары 50 жастағы болып жазылды.

Майдан жұмысына қазақ жастарын алу туралы жарлық қазақ халқының зор наразылығын тудырды. Елде болыстық басқармаларды талқандау, ауыл старшындарын, қатігез байларды өлтіру, ірі феодалдардың иеліктеріне шабуыл жасау, жер сату жөніндегі құжаттарды, алым-салық қағаздарын жойып жіберу секілді ашу-ыза әрекеттері кең орын алды. Сойыл, кетпен, шалғы, мылтық, қылышпен қаруланған ел адамдары байлардың ауылдарын өртеп, малдарын қуып әкету жиілей түсті.

Қазақстандағы бұл қозғалыс көпшілік аудандарында ұлт-азаттық сипатта болып, патша үкіметіне, отаршылдыққа, империалистік соғысқа және жергілікті жерлерде патша үкіметінің сүйеніші болып отырған феодал-байларға қарсы бағытталды. Бұл қозғалысты еңбекші халықтың өкілдері басқарды. Торғай даласында — Әліби Жангелдин мен Амангелді Иманов, Орал облысы мен Бөкей Ордасында — Сейітқали Меңдешов, Әбдрахман Әйтиев, Маңғыстауда — Жалау Мыңбаев, Ақтөбе даласында — Әділбек Майкөтов, Жетісуда — Тоқаш Бокин, Бекболат Әшекеев, Ұзақ Саурықов, Тұрар Рысқұловтар басқарды.

Бұл арада тағы бір мәселенің бетін ашып кету қажет. Ол — 1916 жылы қазақ интеллигенциясының көсемдері, яғни ұлт-азаттық қозғалысты бастаушылар халық көтерілісіне қалай қарады? Олар патшаға қарсы қарулы көтерілісті жақтаған жоқ. Өйткені құр қол халық патшаның талай жыл үйретілген, мұздай қаруланған әскеріне күш көрсете алмай, тағы да қырғынға ұшырайтынын сезді. Бірақ оларға тасқыны тау суындай дүркіреген стихияны — халық көтерілісін тоқтату мүмкін болмады. «Қазақ» газетінің «ашық көтерілу қауіпті, одан да мобилизацияны кешеуілдетуді ұсынайық, жеңілдіктер сұрайық, ол екі ортада патша да бір жайлы болар» деген сияқты шақырулары халықтың құлағына кіре қоймады.

Бір сөзбен айтқанда, стихиялық халық көтерілісінен ұлт-азаттық қозғалыстың көсемдері бөлініп қалды. Өмір олардың болжамы дұрыс екендігін дәлелдеді. Қазақ халқы тағы бір қырғынды басынан өткізді, ал 1917 жылы 27 ақпанда бас-аяғы бірнеше айдан кейін патша да тағынан құлады. Осындай жағдайды ескермей кейінгі зерттеушілер тарапынан болашақ «Алаш» партиясының өкілдері «1916 жылы патшаны жақтады, тіпті көтерілісті басып, жанышты» деген жалған сөздер айтылды.

Ал көтеріліс басылып, қазақ жігіттері майдандарға окоп қазуға жіберіле бастаған кезде, оларға бас-көз болып, кейін аман-есен оларды ауылға жеткізу қажет болған жағдайда Әлихан Бөкейхановтың өзі бастаған қазақ зиялыларымен (оқытушылар, заңгерлер т.б.) бірге майданға (реквизицияланғандармен) аттанды. Мұны нағыз патриотизм деп түсіну керек. Өйтпегенде сауатсыз, орыс тілін түсінбейтін көптеген қазақ жігіттерінің елге оралуы екі талай еді.

Көтерілістің аса ірі орталықтары Жетісу мен Торғай жері болды. Жетісу облысында қарулы қарсыластық шілде-тамыз айларында-ақ бұқаралық сипат алды.

17 шілдеде Жетісу мен Түркістан өлкесінде соғыстық жағдай жарияланды. Патша үкіметі орындары мұнда ірі әскери күштерді жеткізе бастады, әскери гарнизондарды нығайтты, қазақ және қырғыз көтерілісшілерінің жазалау үшін Жетісудың қоныс аударған халқының дәулетті топтарынан қарулы жасақтар құрып жатты. Көтерілісшілердің патша жазалаушыларымен ірі қақтығыстары Асы мен Қарқара жайлауларында, Салымсы станциясы маңында, Қастек, Нарынқол, Шарын, Қорам өңірлерінде, Лепсі оязының Садыр Матай болысында және басқа жерлерде болып өтті [2].

Дегенмен биылғы жылы 100 жылдық баға ретінде 1916 ж. көтеріліс қазақ халқының көп ғасырлық тарихында ерекше орын алды. Бұл көтеріліс қазақтардың қиын-қыстау кезінде біріге алатынын көрсетті. Имперализм мен бірінші дүниежүзілік соғыс жағдайларында А. Иманов пен көтерілістің басқа басшылары халықты өз уақытында Сырым Датұлы, И. Тайманов, М. Өтемісұлы, К. Қасымұлы мен С. Қасымовтың басшылығымен болған ұлт-азаттық қозғалысынан кейін бірінші рет 1916 жылғы көтеріліс кең байтақ өлкенің барлық бөліктерін қамтып, бүкілқазақстандық сипат алды. Көтеріліс отарлауға және империалистік саясатқа қарсы бағытта өрбіді.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматриваются причины возникновения национально-освободительного восстания 1916 года в Казахстане.

RESUME

In this article considered the problems of emergence the national liberation uprising in 1916 year in Kazakhstan.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Назрахмет Қали. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне — 100 жыл // Ана тілі. 2017. № 2 (1364).
2. Б. Әкебаев. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісіне — 100 жыл. // Жас Алаш. 2016. 23 маусым.